

KASE

АПТАЛЫҒЫ

07–11 Маусым, 2021

KASE ОҚИҒАЛАРЫ

- ▲ KASE 2021 жылдың мамыр айындағы биржалық нарықтың жұмыс қорытындысына арналған онлайн баспасөз брифингін [өткізді](#).
- ▲ KASE Директорлар кеңесінің Төрағасы болып А.М.Молдабекова [сайланды](#).
- ▲ KASE Директорлар кеңесі Бюджет және стратегиялық жоспарлау жөніндегі Директорлар кеңесі [комитетін](#), Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік сұрақтар жөніндегі Директорлар кеңесі [комитетін](#), Ішкі аудит жөніндегі Директорлар кеңесі комитетін, Эмитенттер аудиті жөніндегі Директорлар кеңесі [комитетін](#), [Листингтік](#) комиссия жөніндегі Директорлар кеңесі комитетін, Даулар мен шиеленістер жөніндегі Директорлар кеңесі [комитетінің](#) құрамын бекітті.
- ▲ "Фридом Финанс" АҚ KASE-де "Fixed Income" ЖЗИҚ KZPF00000082 (FFIN_or) және "GoodWill" ЖЗИҚ KZPF00000090 (FFINgw) үлеспұлдары бойынша маркет-мейкер мәртебесі [берілді](#).
- ▲ Қазақстан қор биржасында "Қазақстан орнықтылық қоры" АҚ KZ2C00007458 (KFUSb12) облигацияларымен сауда-саттығы [ашылды](#).
- ▲ "аФинанс" шағын қаржы ұйымы ЖШС KZ2P00007248 (MFКТb1) облигациялары "таза" бағамен сауда-саттық режиміне [ауыстырылды](#).

ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР


- ▲ Қаржы министрлігі Қазақстан қор биржасында өзінің MEУKAM-144 ([KZKD00000378](#), MUM144_0003) үшінші шығарылымын жылдық 9,68 %-бен, MEУKAM-156 жетінші шығарылымын ([KZKD00001103](#), MUM156_0007) және MEУKAM-120 16-шы шығарылымын ([KZKD00000865](#), MUM120_0016) орналастыру арқылы 73,3 млрд теңге тартты.
- ▲ Қазақстан қор биржасында 11 маусымында "Банк "Bank RBK" АҚ KZ2C00006021 (INBNb9) облигациясын жылдық 10,85 % -бен орналастырып, 25,0 млрд теңге қаржы [тартты](#).
- ▲ "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ S Moody's Investors Service рейтингтік агенттігінің банктің және оның KZ2C00002855 (HSBKb18) облигацияларының рейтингтік бағасын растағаны туралы [хабарлады](#), болжам "Позитивті".
- ▲ Moody's "First Heartland Jusan Bank" АҚ рейтингін ұсынды, болжам "Тұрақты".
- ▲ "Қазақтелеком" АҚ 2020 жылға жай акциялары бойынша дивиденд төледі және артықшылықты акциялары бойынша қосымша дивиденд [төледі](#).
- ▲ "Аграрлық несие корпорациясы" АҚ 2020 жылға жай акциялары бойынша дивиденд төледі.
- ▲ "Банк "Bank RBK" АҚ 2020 жылға KZ1P00000764 (INBNp) артықшылықты акциялары бойынша дивиденд төлеуді бастағаны туралы [хабарлады](#).
- ▲ "КазАгроҚаржы" АҚ 2020 жылға жай акциялары бойынша дивиденд [төледі](#).

11.06.2021		Трендтер (%)	
KASE Индексі	3 369,82	-1,3	1,7
Өтімділіктің бірінші сыныбы	Цена	Δ 7к	Δ 7а
Freedom Holding Corp.	24 376,0	9,6	19,9
Банк ВТБ	0,3	3,4	3,4
Сбербанк	1 875,8	2,8	3,7
Газпром	1 655,0	2,8	19,6
НАК Казатомпром	13 599,2	2,3	4,2
Казакхтелеком, прив. акции	18 334,0	1,7	11,1
Народный банк	172,0	0,7	10,1
Аэрофлот	436,0	0,3	5,1
KEGOC	1 759,0	0,3	0,7
Банк ЦентрКредит	250,6	0,2	6,4
Казакхтелеком	28 500,0	-0,4	-3,6
Kcell	2 514,0	-1,2	-0,9
Bank of America Corporation	18 000,0	-3,7	0,6
КазТрансОйл	1 140,1	-10,4	-0,9

Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген


KASE Индексінің акциялары

■ Сауда-саттық көлемі, млн теңге (←)
— KASE Индекс i(→)



Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі

— Жеке тұлға, % — Бейрезиденттер, %



KASE Индексі 1,3% төмендеп, 3 369,82 нүктені құрады. Индекстік акциялар арасында мәмілелердің көп саны Халық банкі жай акцияларымен жасалды – 2 449 мәміле (40 % жалпы үлесінен). Сауда-саттықтың ең үлкен көлемі Kcell бағалы қағаздарына келді – 854,6 млн теңге (жалпы үлесінен 57,1%).

Қор нарығының оқшауланған индикаторы дүйсенбіде биылғы жылы кезекті рет тарихи максимумды (3 421,27 н.) жаңартты, алайда апта қорытындысы бойынша «минуспен» жабылды. Төмендеудің басты драйвері - бір апта ішінде 10,4% бағасын жоғалтқан «ҚазТрансОйлдың» жай акциялары болды. Жұма күні ҚТО акционерлерінің 2020 жылға дивидендтер төлеу үшін бір акцияға 132 теңге мөлшерінде тізілімін бекіту күні өтті.

Өкілетті тізім акцияларының артуының көшбасшылары - Казатомөнеркәсіптің бағалы қағаздары. Сонымен бірге NYMEX уран фьючерстері фунт үшін 32 доллардан жоғары саудалануда және тауарлық-материалдық құндылықтардың төмендеуі мен сұраныстың өсуі жағдайында 2020 жылдың шілдесінен бастап ең жоғары деңгейге жетті. Ядролық отын нарығына сұраныс артып келеді, өйткені үкіметтер, соның ішінде АҚШ пен Қытай, атом энергетикасына өздерінің таза энергетикалық бағдарламаларында ерекше орын береді. Сонымен қатар, уран өндірісі соңғы жылдары тұрақты төмендегендіктен, нарықтағы ұсыныстар шектеулі болып қалады.

Бұрын канадалық Uranium One Inc уран өндіруші компаниясы өзінің тоқсандық есебінде келтірілген UxC консалтингтік компаниясының мәліметтері бойынша, наурыздың аяғында және 2021 жылдың бірінші тоқсанында уранның спот бағасы жыл басынан бері 0,60 долларға өсіп, бір фунт үшін 30,65 долларды құрады. Атом энергетикасы төңірегіндегі барлық жағымды жағдайларға қарамастан, уран бағасы рекордтық деңгейден алыс, ол жапондық «Фукусима» атом электр станциясындағы апатқа дейін байқалды. Ең жоғары деңгейге 2007 жылы уран фунтына 137 доллардан асқанда жетті.

Халық банкінің жай акциялары да «жасыл аймақта» жабылды. Банктің акциялары 2021 жылдың бірінші тоқсанындағы қаржылық есептіліктің жариялануынан туындаған жағымды жағдайды қайтарып алуы мүмкін, оған сәйкес Халық банкінің ХҚЕС-тің таза пайдасы 2020 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 19,4% өсті. Сонымен қатар, банк бір акцияға 18,00 теңге мөлшерінде 2020 жылға арналған қызмет нәтижелері бойынша жай акциялар бойынша дивидендтер төлейтіні туралы хабарлады.


Сонымен қатар, Moody's Investors Service агенттігінің банктің рейтингтерін және оның KZ2C00002855 (HSBKb18) облигацияларын жоғарылатуы өсу драйвері болды. Moody's рейтингтік агенттігі Банктің ұзақ мерзімді депозиттік рейтингтерін Ba1-ден Ba3-ке дейін, ұлттық валютадағы кепілдіксіз қарыздың рейтингін Ba3-тен Ba2-ге дейін, қысқа мерзімді депозиттік рейтингін Not Prime-ден Prime-3-ке дейін көтерді, болжам - «Позитивті».



Мерзімі бір күндік мемлекеттік бағалы қағаздармен репо операцияларының кірістілігі бір аптада 16 б.н. артып, жылдық 8,12% құрады. АҚШ доллары кепілдігімен теңгені қарызға алу мөлшерлемесі 21 б.н өсіп, жылдық 8,16% құрады. Бір күндік теңге өтімділігінің орташа көлемі бір аптада 374,7 млрд теңгені (өткен аптадағы сәйкес көрсеткішке +6,7%) құрады.


Инфляция және пайыздық мөлшерлеме

Inflation, 12M MM Index Base interest rate TONIA SWAP-1D




Основные параметры размещения нот НБРК

■ Апталық орналастыру (←) ■ Айлық орналастыру (←) ■ Үш айлық орналастыру (←)
■ Жарты жылдық орналастыру (←) ■ Жылдық орналастыру (←) ■ Айлық кірістілігі (→)
■ Апталық кірістілігі (→) ■ Үш айлық кірістілігі (→) ■ Жарты жылдық кірістілігі (→)
■ Жылдық кірістілігі (→)



Тәуекелсіз қысық кірістілігі





Апта қорытындысы бойынша теңге АҚШ долларына қатысты 1,00 (0,2%) теңгеге төмендеп, 427,15 теңгені құрады. Саудаттықтың жиынтық көлемі \$118 млн (алдыңғы аптаның сәйкес көрсеткішіне -5,7 %). АҚШ долларын сату және сатып алу бойынша мәміленің жалпы саны 343 құрады. Максималды бағасы бір АҚШ долларына 426,01 теңге, минималды бағасы – 428,00 теңге.

Мұнай бағасының оң динамикасы негізінде теңге АҚШ долларына қатысты нығаюын жалғастырды. Өсуге АҚШ-тың Энергетикалық ақпарат әкімшілігінің жанармайға деген сұранысының жоғарылауы әсер етті. Агенттік 2021 жылы АҚШ-тағы отын шығыны тәулігіне 1,49 миллион баррельді (б/т) құрайды, ал алдыңғы болжам бойынша 1,39 миллион б/т болады деп мәлімдеді.

Сонымен қатар, нарықты АҚШ мемлекеттік хатшысы Энтони Блинкеннің мәлімдемесі де қуаттады, егер Иран мен Америка Құрама Штаттары ядролық келісімді сақтауға қайта оралса, АҚШ-тың Тегеранға қарсы санкцияларының жүздеген баптары күшінде қалады деп атап өтті. Ол инвесторлардың Иран мұнайының нарыққа оралуы туралы қаупін азайтты.

Мұнай бағалары Солтүстік Америка мен Еуропаның көптеген елдеріндегі трафиктің дағдарысқа дейінгі деңгейге қайта оралатындығы туралы мәліметтермен қуатталды, бұл жанармайға деген сұраныстың болашағы туралы оптимизмді қолдайды.


Бұл кезде нарыққа Қытайдағы «қара алтын» импортының мамыр айында 14,6% -ға төмендеуі туралы мәліметтер қысым жасады. Сұраныстың шектелуіне мұнай өңдеу зауыттарының (МӨЗ) жөндеуге жабылуы себеп болды.

Үндістан - әлемдегі ең ірі мұнай тұтынушыларының бірі - инфекциялар санының жоғары өсуін сақтап келеді. Алайда 7 маусымда істердің өсуі екі айдан астам уақыт ішінде алғаш рет 100 мың адамға жетпеді - 86,4 мың адам.

Brent шілде айындағы мұнай фьючерсі құны ICE Futures лондон қор биржасында жұма күні бір баррельге \$72,69 (1,1%) құрады. Мәскеу биржасында АҚШ долларының ресей рубіліне бағамы 72,1126 (-0,9%) құрады.


Ресей рублінің құны 0,1115 теңгеге (1,9%) өсіп, 5,9571 теңгені құрады. Қытай юані 0,0976 теңге (0,1%) до 66,9476 теңгені құрады.

Шетел валюталарының бағамы динамикасы



Валюта	Бағамы	Δ 7к, %	Δ 30к, %	Δ 2020, %
GBP	602,73	-0,7	-0,2	5,5
USD	427,53	-0,1	0,1	1,6
EUR	520,09	-0,3	0,1	0,8
CNY	66,89	-0,2	0,6	3,7
RUB	5,92	1,2	2,4	4,8

Brent мұнай құны USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.



Халықаралық индекстер						Шикізат нарығы					11.06.2021
Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс	Атауы	Бағасы	Тренд %			
		7к	1а	1ж				7к	1а	1ж	
S&P 500	4 247,44	0,4	4,5	41,5	0,2	Мұнай (Brent)	72,69	1,1	4,9	88,6	
Dow Jones	34 479,60	-0,8	2,7	37,2	-1,1	Мұнай (WTI)	70,91	1,9	7,3	95,1	
PTC	1 678,57	1,9	8,4	35,6	1,8	Табиғи газ	3,30	6,4	11,0	81,8	
MMBБ	2 285,53	0,0	0,0	0,0	1,8	Мыс	453,75	0,2	-4,5	75,4	
Hang Seng	28 842,13	-0,3	2,2	17,8	0,0	Темір	1 340,00	4,7	-2,4	62,1	
SS CSI 300	5 224,70	-1,1	3,6	30,8	-0,7	Алтын	1 877,53	-0,7	3,4	8,7	
Euro Stoxx 50	4 126,70	0,9	4,5	31,2	0,9	Күміс	28,15	0,9	3,4	57,3	
FTSEuroFirst	4 561,00	1,0	3,4	26,8	1,0	Астық	680,75	-1,0	-9,8	36,4	
FTSE 100	7 134,06	0,9	1,8	17,4	1,0						
KASE	3 369,82	-1,3	1,7	46,1							

Экономикалық оқиғалар күнтізбесі				Валюта	Болжам	Алдыңғы
16.06	Өндірістік кәсіпорын көлемі (ж/ж) (мамыр)			CNY	9,0%	9,8%
16.06	Пайыздық мөлшерлеме бойынша шешімі (маусым)			USD		0,25%
17.06	Тұтыну бағасының базалық индексі (ТБИ) (а/а) (мамыр)			EUR	2,0%	1,6%
17.06	Жұмыссыздық бойынша өтемақы алуға алғашқы өтінімдер саны			USD	357K	376K
18.06	Жапон банкінің ақша-несие жөніндегі баяндамасы			JPY		
16.06	Өндірістік кәсіпорын көлемі (ж/ж) (мамыр)			CNY	9,0%	9,8%

Анықтама: Күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптаның экономикалық неғұрлым маңызды оқиғалары

В – миллиард
М – миллион
К – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы	Мәні	Күні	2020 жыл басына
Жылдық инфляция	7,2%	01.06.21	5,6%
ҚР ҰБ Жалпы халықаралық резервтері, млн USD	34 674	01.02.21	35 638
Қаржы базасы, млрд KZT	9 173,8	01.01.21	8 652,5
Қаржы массасы, млрд KZT	25 392,0	01.01.21	20 875,8
Қазақстанның несие рейтингі	Рейтинг	Күні	Алдыңғы
	BBB-/A-3 тұрақты	06.03.21	BBB- тұрақты
	Вaa3 позитивті	17.02.21	Вaa3 позитивті
	BBB тұрақты	20.02.21	BBB тұрақты



"Қазақстан қор биржасы" АҚ

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ
"Almaty Towers"

Тел.: +7 (727) 237 53 00



Корпоративтік веб-сайт



Бізбен байланысыңыз



**Листингілік компаниялардың
корпоративтік оқиғалар
күнтізбесі**



"Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі, . KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл , дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді . KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар;
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламын жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап;
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.

Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.